

Қамқоршылық кеңесінің хаттамасы

Кәсіпорынның атауы: ШҚО ББ « №8 арнайы мектеп-интернаты» КММ
ХАТТАМА № 1

Өскемен қ. «13» қыркүйек 2023ж.

Қатысқандар:

Мектеп директоры: А. М. Картенова

Директордың ТІЖ орынбасары: Р.О. Актасова

Психолог: Г. Р. Кайдарова

Әлеуметтік педагог: А. Н. Байышова

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: Курманов. Ф.С

Қамқоршылық кеңес мүшелері

Күн тәртібінде

1. Қамқоршылық кеңесінің нормативтік құжаттарымен танысу.
2. 2023 – 2024 оқу жылына Қамқоршылық Кеңестің ережесімен таныстыру және жұмыс жоспарын құру, бекіту.
3. 2022-2023 оқу жылындағы аз қамтылған және көпбалалы отбасыларға арналған әлеуметтік қолдау есебін тыңдау

Тыңдалды:

1. Сөз мектеп – интернатының директоры: А.М Картеноваға берілді.

Құрметті мектеп ұжымы, бүгінгі қамқоршылық кеңесінің кезекті отырысын ашық деп жариялаймын.

Бүгінгі күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер:

1. Қамқоршылық кеңесінің нормативтік құжаттарымен танысу.
2. 2023 – 2024 оқу жылына Қамқоршылық Кеңестің ережесімен таныстыру және жұмыс жоспарын құру, бекіту.

Тыңдалды:

Күн тәртібінің бірінші сұрағы бойынша сөз кезегі ҚК төрайымы Ф.С. Курмановқа беріледі.

Жаңа 2023-2024 оқу жылында Қамқоршылық кеңесінің нормативтік құжаттарымен таныс болыңыздар. Қамқоршылық кеңесінің мақсаты – білім беру мекемесінің дамуына қолдау жасау, қала аумағында жұмыс істейтін басқа ұйымдармен оның байланысын нығайту,заттай және ақшалай қаржыларды белсенді пайдалану және т.б. айтылды.

Қамқоршылық кеңесі– білім беру жүйесін, ізгілік қызметтерін (білім беру, ғылым, мәдениет және өнер, спорт және денсаулық сақтау) қолдаумен байланысқан әлеуметтік белсенділік саласы.

Оның ішінде:

- 1 Қамқоршылық кеңесінің отырысында кеңестің төрағасы мен хатшының қолы қойылған хаттама жүргізіледі.
 - 2 Хатшының міндеті Қамқоршылық кеңесінің бір мүшесіне жүктеледі.
 - 3 Құжаттары Қамқоршылық кеңесінің төрағасында 3 жылға сақталады.
- Ереженің нақтылы мерзімі: білім беру мекемесінің үлгісі (немесе түрі) өзгергенге дейін және т.б. айтылып таныстырылды.

Тыңдалды:

Екінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңес төрайымы : Курманов Ф.С.

2023 – 2024 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарымен таныстыра отырып, бекіту қажеттілігін айтты.

Үшінші мәселе бойынша мектептің әлеуметтік педагог Байышова Арман Нурлановна өз есебінде:

Оқу жылының басында аз қамтылған, жетім, жартылай , көп балалы, ата-ананың қамқорлығынсыз қалған отбасы балаларымен «Менің отбасым» тақырыбында тренинг өтілді. Тамыз айында аз қамтылған, жетім, жартылай жетім, көп балалы, ата-ананың қамқорлығынсыз қалған отбасынан шыққан 71 балаға мемлекет тарапынан ақшалай көмек көрсетілді. Ол ақшалай көмек әр ата-ана баласына қажетті мектеп киімін алды, және де алған ақшаны тек балаларға қажетті киімдерге жұмсады.

Сол сияқты жыл бойы мектеп-интернатта өткізілетін іс- шараларға оқушылардың қатысуына демеушілік көрсету жұмыстары іске асырылып, қамқоршылық кеңесі отырысының хаттамалары өз уақытында жазылды

Қаулы:

1. Ақпарат назарға алынсын;
2. Қамқоршылық кеңестің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін;
3. Қамқоршылық кеңес мүшелері жұмыс жоспарына сай жұмыстар атқарылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:

Курманов Ф.С.

Хатшы:

Дінтаева Н.Н.